

Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 қаңтардағы N 75. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.31. N 1378 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

Мемлекеттік су кадастрын жүргізудің ұсынылып отырған Тәртібі бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 2 4 қ а ң т а р д а ғ ы
N 7 5 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібі<*>

ЕСКЕРТУ. Тәртіптің мәтініндегі сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

1. Мемлекеттік су кадастры Қазақстан Республикасының біртұтас су қорының құрамына кіретін сулардың жай-күйі, пайдаланылуы мен қорғалуы жөніндегі жүйеге келтірілген, үнемі толтырылып және анықталып отырылатын мәліметтер жиынтығын көрсетеді және судың мөлшері мен сапалық көрсеткіштері бойынша есебін, су пайдалануды тіркеу, сондай-ақ судың пайдаланылуы туралы мәліметтерді қамтиды және "Жер үсті сулары", "Жер асты сулары", "Судың пайдаланылуы" жайлы үш бөлімнен тұрады.

Мемлекеттік су кадастрының басты міндеті экономика салаларын су объектілері, су ресурстары, оның режимі, сапасы мен пайдаланылуы, сондай-ақ су пайдаланушылар туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету болып
т а б ы л а д ы .

2. Осы тәртіп - мемлекеттік су кадастрын жүргізудің басты принциптерін, оны жүргізудегі Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының, Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау

министрлігінің және Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеттің қызметін анықтайды және олардың қарамағындағы мемлекеттік су кадастрын жүргізуге қатысы бар барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін міндетті болып табылады.

3. Мемлекеттік су кадастрын жүргізуді Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитеті, жер беті суы бойынша - Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы, жер асты суы бойынша - Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жүзеге асырады.

Мемлекеттік су кадастрының көрсеткіштері облыс аумағы мен көлдер және өзендер бассейні бойынша, ал жер асты суы бөлімі бойынша, сонымен қатар - гидрогеологиялық аймақтар бойынша жүйеге келтіріліп және бастырылып шығарылады.

Мемлекеттік су кадастрын жүргізу кезінде:

- жер беті су ресурстары, олардың сапасы және табиғи жағдай мен шаруашылық қызмет әсерімен өзгеруі туралы - су объектілері мен оның учаскелері бойынша, мемлекеттік және мемлекетаралық маңыздылығы бар өзендер мен көлдер бассейндері, ішкі теңіз бассейні, су шаруашылық учаскелері, экономикалық аудандар аумақтары, облыстар және бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша;

- жер асты суларының ресурстары, дебиттері мен деңгейлері, сондай-ақ гидродинамикалық көрсеткіштері, оның сапасы және шаруашылық қызмет әсерімен табиғи жағдайда өзгеруі туралы - жер асты суларының көздері, өзен бассейндері және олардың учаскелері, су жүру белдеуі мен бассейні, су шаруашылық учаскелері, экономикалық аудандар, облыстар және бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша;

- суды пайдалану туралы - мемлекеттік маңызы бар ішкі теңіз, өзен бассейндері, су шаруашылық учаскелер, экономикалық аудандар аумақтары, облыстар және бүкіл Қазақстан Республикасы, сондай-ақ су пайдалану түрлері және экономика салалары бойынша мәліметтер пысықталады.

4. Бөлімдері бойынша мемлекеттік су кадастрын жүргізу Қазақстан Республикасы мемлекеттік су кадастрының жалпы автоматтандырылған ақпараттық жүйесі шеңберінде қолда бар салалық автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді (ААЖ) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік су кадастрын (тиісті бөлімдері бойынша) жүргізу жүйесінің біртұтастығын қамтамасыз ету және жалпы мемлекеттік су кадастрын жүргізу жұмыстарын үйлестіру үшін құрамына тепе-теңдік негізде Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің, Қазақстан

Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының өкілдері кіретін ведомствоаралық үйлестіруші-сарапшы кеңес құрылады.

6. Бөлімдері бойынша мемлекеттік су кадастрын жүргізудің нақты тәртібі мен әдістері және мемлекеттік су кадастрының көрсеткіштер құрамы, үлгісі мен басылу мерзімдері ведомствоаралық үйлестіруші-сарапшы кеңестің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы бекіткен әдістемелік нұсқаулармен анықталады.

7. Мемлекеттік су кадастрын жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы тиісті бөлімдер бойынша:

ақпаратты жинауды, бақылауды, өңдеуді, сақтауды, мәліметтердің автоматтандырылған жиынтығын қалыптастыру және ақпаратты төлем негізінде т а р а т у д ы ;

мемлекеттік су кадастр мәліметтерінің жиынтығын қалыптастыру және жүргізу әдістерін, алгоритмдері мен машиналық бағдарламаларын әзірлеуді және ж е т і л д і р у д і ;

қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындайтын мемлекеттік су кадастрын жетілдіру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды басқаруды, жобалауды және бақылауды;

мемлекеттік су кадастрын және басқа да нормативті-техникалық құжаттарды жүргізу жөніндегі нұсқаушылық, әдістемелік тапсырмаларды жасауды;

су ресурстарын (су пайдалануды) және оның шаруашылық қызметінің әсерімен өзгеруінің ағымдағы және келешекте бағалауды;

мемлекеттік су кадастрының басылымын баспаға және жариялауға дайындау;

мемлекеттік су кадастрын және автоматтандырылған ақпарат жүйесін жүргізудің ұйымдық құрылымы мен тәртібінің жалпы принциптері мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жасауды;

мемлекеттік су кадастрын жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын;

мемлекеттік су кадастрын жүргізу үшін қажетті ведомствоаралық ақпараттармен алмасуды қамтамасыз етеді.

8. Мемлекеттік су кадастрының бірлескен ведомствоаралық басылымын әзірлеу мен жариялауды Қазақстан Республикасы Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы жүзеге асырады.

